

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

Мақала туралы мәлімет

Конференция атауы	«Жастар және ғылым: бүгін мен болашағы» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы
Сборник	«Молодежь и наука: настоящее и будущее». Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых
Conference	The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «Youth and Science: Present and Future»
Өткізілген күні	7 сәуір 2025, Атырау
ISBN	978-601-262-587-5
Жинақтағы жариялану №	010
Жинақтағы беттері	40-43
ӘОЖ/УДК/UDC	ӘОЖ 658.382
Секция	Секция IV. I Жұмысшы кәсіптері-экономикалық өсу мен дамудың драйверлері / / Рабочие профессии - драйверы экономического роста и развития
Автор(лар)	Алтынбеков Чингиз Дарканулы
Мәртебесі	Магистрант
Ғылыми жетекші	Ғылыми жетекшісі, PhD, доцент- Тайжанова Ж.А.
Мақала атауы	КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОРДЫҢ ӨНДІРІСТІК НЫСАНДАРЫНДА ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ БАСҚАРУ ҚҰРАЛДАРЫН ЖЕТІЛДІРУ (ТОО «ПАВЛОДАР МҰНАЙ-ХИМИЯ ЗАУЫТЫ» МЫСАЛЫНДА)

Ескерту: бұл бет сайтқа орналастыру және мақала PDF-ін сәйкестендіру үшін қосылды. Төменде жинақтағы мақаланың түпнұсқа беттері берілген.

4. Ахметова А.Ш. Жаһандану жағдайында кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыру стратегиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 248 б.
5. Жолдасбаева Г.Ө. Кәсіпкерлік: Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2016. – 284 б.
6. Фатхутдинов Р.А. Стратегиялық менеджмент. – Мәскеу: Инфра-М, 2021. – 520 б.
7. Қалиев Г.Ф. Экономиканың жаһандануы жағдайында қазақстандық кәсіпорындардың даму стратегиялары // Қаржы-қаражат. – 2022. – №3. – Б. 45-53.
8. Porter M. Competitive Advantage: Creating and Sustaining Superior Performance. – New York: Free Press, 2004. – 592 p.
9. Kotler Ph., Armstrong G. Principles of Marketing. – New Jersey: Pearson, 2017. – 816 p.
10. World Bank. Global Economic Prospects 2023: Realizing the Potential of the Digital Economy. – Washington, DC: World Bank, 2023. – Қолжетімді: <https://www.worldbank.org/en/publication/global-economic-prospects>
11. OECD. Globalisation and Emerging Economies. – OECD Publishing, 2022. – Қолжетімді: <https://www.oecd.org/globalisation/>
12. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті. Қазақстанның экономикалық дамуы туралы мәліметтер. – Қолжетімді: <https://stat.gov.kz>
13. Investopedia. What is Globalization? – Қолжетімді: <https://www.investopedia.com/terms/g/globalization.asp>
14. United Nations Conference on Trade and Development (UNCTAD). World Investment Report 2023. – Қолжетімді: <https://unctad.org/publication/world-investment-report-2023>

ӘОЖ 658.382

**КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОРДЫҢ ӨНДІРІСТІК НЫСАНДАРЫНДА ЕҢБЕК
ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ
БАСҚАРУ ҚҰРАЛДАРЫН ЖЕТІЛДІРУ
(ТОО «ПАВЛОДАР МҰНАЙ-ХИМИЯ ЗАУЫТЫ» МЫСАЛЫНДА)**

Алтынбеков Чингиз Дарканулы
altynbekov_92@mail.ru

«7M04118 - Өңірлік даму (Regional Development)» ББ магистранты
Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, PhD, доцент- Тайжанова Ж.А.

Кіріспе

Қазақстан Республикасындағы квазимемлекеттік сектор – ұлттық экономиканың маңызды элементтерінің бірі. Бұл секторға қарасты өндірістік кәсіпорындарда еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету тек заңнамалық талап ғана емес, сонымен қатар стратегиялық міндет болып табылады. Жоғары өндірістік тәуекелдер жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын қорғау, еңбек өнімділігін арттыру мен кәсіпорынның тұрақты дамуын қамтамасыз етудің негізгі факторы ретінде қарастырылады. Осы тұрғыда басқару құралдарын жетілдіру қажеттілігі туындайды.

Негізгі бөлім

Квазимемлекеттік секторда еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету – тек өндірістік қажеттілік емес, сонымен қатар кәсіпорындардың әлеуметтік жауапкершілігінің маңызды бөлігі. Алайда бұл салада еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша бірқатар жүйелі проблемалар әлі де бар. Олардың ішіндегі ең өзектілері мыналар:

Өндірістік жабдықтардың тозуы. Көптеген кәсіпорындарда негізгі құралдар мен технологиялар моральдық және физикалық тұрғыдан ескірген. Мұндай жағдайлар өндірістік апаттардың, жарақаттану оқиғаларының және техногендік төтенше жағдайлардың

туындауына әкелуі мүмкін.

Жұмысшылардың қауіпсіздік техникасы бойынша жеткіліксіз дайындығы. Қызметкерлердің көпшілігіне еңбек қауіпсіздігі бойынша тұрақты оқыту мен қайта даярлау жүргізілмейді. Қауіпсіздік нұсқамалары тек формалды сипатта болып, нақты тәжірибелік машықтар мен дағдыларды бермейді. Бұл өз кезегінде еңбек тәртібін сақтамауға және жазатайым оқиғаларға себеп болады.

Қауіпсіздік мәдениетінің төмен деңгейі. Қауіпсіз еңбек жағдайларын қалыптастыру көбінесе формалды түрде жүргізіледі, ал нақты өндірістік ортада қауіпсіздік нормаларын елемей орын алады. Қауіпсіздік мәдениеті қызметкерлердің санасында терең орнықпаған жағдайда, техникалық құралдар мен регламенттердің өзі жеткіліксіз болады.

Еңбек қауіпсіздігі мен қоршаған ортаға зиян келтіру қаупінің жоғары болуы. Көптеген өндірістік нысандарда еңбек жағдайлары тек адам өміріне емес, сонымен қатар қоршаған ортаға да айтарлықтай қауіп төндіреді. Қалдықтарды дұрыс өңдемеу, ауаға зиянды заттардың бөлінуі және өндірістік сулардың ластануы сияқты факторлар экологиялық тәуекелдерді арттырады [1].

Бақылау және есептілік жүйелерінің әлсіздігі. Қауіпсіздік саласындағы көрсеткіштерді тіркеу, талдау және бақылау жүйелері толық автоматтандырылмаған немесе жеткілікті деңгейде жұмыс істемейді. Бұл басқару шешімдерін уақытында қабылдауға кедергі келтіреді.

Кадр тапшылығы мен мамандардың тұрақсыздығы. Еңбек қауіпсіздігімен айналысатын білікті мамандардың жетіспеушілігі де өзекті мәселе. Кадр тұрақсыздығы мен кәсіби мотивацияның төмен болуы жүйелі жұмыс жүргізуге кедергі келтіреді.

Аталған мәселелер тек өндірістік процестің тиімділігіне емес, сонымен қатар кәсіпорынның жалпы имиджіне, оның экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік деңгейіне тікелей әсер етеді. Бұл әсіресе қазіргі таңда ESG (экология, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару) талаптары күшейіп жатқан жағдайда аса маңызды. Халықаралық серіктестер мен инвесторлар кәсіпорынның қауіпсіздік стандарттарына сәйкестігіне назар аударады, сондықтан бұл проблемаларды шешу стратегиялық міндет болып табылады [2].

Кесте 1 – Квазимемлекеттік сектордағы еңбек қауіпсіздігін басқару құралдарын жетілдіру

№	Басқару бағыты	ПМХЗ тәжірибесінде қолданылатын құралдар мен тәсілдер	Жетілдіру мүмкіндіктері мен ұсыныстар
1	Қауіптерді анықтау және бағалау	Жүйелі қауіп-қатерлерді бағалау Тәуекел деңгейіне сәйкес шаралар қабылдау	Автоматтандырылған тәуекелдерді бағалау жүйесін енгізу
2	Оқыту және кадрларды дайындау	Алғашқы, қайталау және жоспардан тыс нұсқама Симуляциялық тренажерлар Бейімделу бағдарламалары	Онлайн оқыту платформаларын кеңейту VR/AR технологияларын қолдану
3	Ішкі және сыртқы аудит	ISO 45001:2018 стандартына сәйкес аудиттер Жүйелі ішкі бақылау	Аудит нәтижелерін ашық жариялау Үздік тәжірибелермен алмасу
4	Қауіпсіз мінез-құлықты ынталандыру	Марапаттау жүйесі Қызметкерлерге алғыс хаттар, сыйақылар беру	Қауіпсіздік бойынша KPI жүйесін енгізу
5	Цифрлық технологиялар	Датчиктер, бейнебақылау ЖҚҚ қолдануын бақылау жүйесі Онлайн тіркеу және мониторинг	Ақылды сенсорлар және деректер аналитикасын енгізу
6	Кері байланыс	Анонимді ұсыныс/шағым	Цифрлық чат-бот жүйесін

		жәшіктері Электронды кері байланыс арналары	енгізу Персоналмен интерактивті сессиялар
7	Халықаралық тәжірибе	Халықаралық аудиттер мен серіктестік UN Global Compact қатысуы	ІО стандарттарын бейімдеу Шетелдік тәжірибе бойынша оқыту
8	Жұмыс ортасын жақсарту	Жарық, желдету, шуды азайту жобалары	Экологиялық таза технологиялар енгізу Инфрақұрылымды жаңғырту

Павлодар мұнай-химия зауыты (ПМХЗ) – Қазақстандағы жетекші мұнай өңдеу кәсіпорындарының бірі ретінде еңбек қауіпсіздігіне және қызметкерлердің денсаулығын қорғауға ерекше мән береді. Кәсіпорынның қауіпсіздік саясаты жұмысшылардың өмірі мен денсаулығын сақтау, өндірістік тәуекелдерді азайту, сондай-ақ еңбек жағдайларын үнемі жетілдіруге бағытталған. ПМХЗ-да халықаралық ISO 45001:2018 стандарты енгізілген. Бұл стандарт еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау менеджмент жүйесін тиімді жоспарлау, жүзеге асыру және үздіксіз жақсартуға мүмкіндік береді. Аталған жүйе зауыттың қауіпсіздік мәдениетін күшейтуге, тәуекелдерді жүйелі түрде бағалап, олардың алдын алуға бағытталған кешенді тәсілді қолдануға жағдай жасайды.

ПМХЗ еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бірқатар тиімді және заманауи басқару құралдарын жүйелі түрде қолданысқа енгізген. Ең алдымен, кәсіпорын жұмыс орындарындағы қауіп-қатерлерді жан-жақты бағалап, олардың деңгейін төмендету бойынша нақты шаралар қабылдайды. Бұл үдеріс тұрақты жаңартылып, өндірістік қауіпсіздік жүйесінің өзектілігі мен тиімділігі сақталып отырады. Қызметкерлердің кәсіби даярлығы мен қауіпсіздік техникасына қатысты білімдерін арттыру мақсатында оқыту және нұсқама жүргізу жүйесі жолға қойылған. Жұмысшыларға алғашқы, қайталап және жоспардан тыс нұсқамалар жүргізіліп, біліктілік арттыру курстары ұйымдастырылады. Сонымен қатар, симуляторлар арқылы тәжірибелік оқыту жүйесі енгізілген. Зауытта ішкі және сыртқы аудиттер тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Ішкі аудиттер арқылы еңбек қауіпсіздігі талаптарының орындалуы қадағаланады, ал сыртқы аудиттер тәуелсіз ұйымдар тарапынан жүргізіліп, жалпы жүйенің сапасы мен сәйкестігі бағаланады. Бұл шаралар кәсіпорындағы қауіпсіздік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Қызметкерлерді ынталандыру мақсатында қауіпсіз мінез-құлықты қолдайтын бағдарламалар жұмыс істейді. Қауіпсіздік талаптарын ұстанған қызметкерлер алғыс хаттармен, сыйақылармен және басқа да көтермелеу шараларымен марапатталады, бұл өз кезегінде жұмысшылардың еңбекке деген ынтасын арттырады. Өндірістік процестерге цифрлық технологиялар белсенді түрде енгізілуде. Арнайы датчиктер мен бейнебақылау жүйелері арқылы жұмыс аймақтарындағы қауіп деңгейі үнемі бақыланып, оқыс оқиғалар автоматты түрде тіркеліп отырады. Сонымен қатар, жеке қорғану құралдарын қолдануды бақылау үшін электрондық жүйелер де енгізілген. Кәсіпорында ашық кері байланыс жүйесі жолға қойылған. Бұл жүйе арқылы қызметкерлер өз ұсыныстары мен ескертулерін анонимді түрде білдіре алады. Мұндай тәсіл өндірістегі кемшіліктерді уақытылы анықтап, оларды жоюға мүмкіндік береді [3].

Соңғы жылдары еңбек жағдайларын жақсартуға бағытталған бірқатар жобалар жүзеге асырылған. Атап айтқанда, жұмыс орындарын жарықтандыру, желдету жүйелерін жаңарту, сондай-ақ өндірістік шу деңгейін төмендету шаралары жүргізілген. Бұл өзгерістер қызметкерлердің еңбек жағдайын жақсартуға және жалпы өндірістік мәдениетті арттыруға айтарлықтай үлес қосуда. Бұл тәжірибелер ПМХЗ-дың еңбек қауіпсіздігі саласындағы жоғары деңгейдегі жауапкершілігін және заманауи стандарттарға сай келетін басқару жүйесін қалыптастырғанын көрсетеді. Кәсіпорын басшылығы қауіпсіздікті өндірістік тиімділікпен тең дәрежеде қарайды, бұл өз кезегінде жұмысшылардың сенімін арттырып, кәсіпорынның экологиялық және әлеуметтік имиджін нығайтады.

ПМХЗ тәжірибесі негізінде еңбек қауіпсіздігін басқару құралдарын жетілдірудің бірнеше тиімді бағыттарын ұсынуға болады. Бұл бағыттар заманауи технологияларды енгізуді, адами капиталды дамытуды, қауіпсіздік мәдениетін күшейтуді және халықаралық ынтымақтастықты қамтиды.

Цифрландыру. Қазіргі заманда цифрлық технологиялар еңбек қауіпсіздігін басқарудың ажырамас бөлігіне айналуда. Жұмыс орындарындағы қауіпсіздік көрсеткіштерін нақты уақыт режимінде бақылау — ықтимал қауіптерді дер кезінде анықтауға және апаттардың алдын алуға мүмкіндік береді. Бұл мақсатта датчиктер, бейнебақылау, автоматтандырылған ескерту жүйелері белсенді қолданылады. Сонымен қатар, мобильді қосымшалар мен онлайн платформалар арқылы қызметкерлердің қауіпсіздік ережелерімен танысуына және оқыту материалдарына қол жеткізуіне жағдай жасалады. Бұл тәсіл жұмыс орнында оқыту тиімділігін арттырады әрі қызметкерлердің қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Оқыту және кадрлық дамыту. Қызметкерлердің қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру мен тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін жүйелі оқыту бағдарламаларын енгізу маңызды. Қауіпсіздік бойынша тұрақты тренингтер мен практикалық жаттығулар жұмысшылардың тәуекел жағдайларындағы әрекет ету қабілетін арттырады. Сонымен қатар, жаңа қызметкерлер үшін арнайы бейімделу бағдарламалары ұйымдастырылуы тиіс. Бұл олардың кәсіпорын мәдениетіне тез сіңісіп, қауіпсіздік талаптарын тиімді меңгеруіне септігін тигізеді. Оқыту барысында интерактивті әдістер мен заманауи симуляторларды қолдану білімді тиімді жеткізуге мүмкіндік береді [4].

Мотивация және қауіпсіздік мәдениеті. Қауіпсіздікті сақтау қызметкерлердің ішкі ынтасымен тікелей байланысты. Осыған орай, қауіпсіз еңбек үшін марапаттау жүйесін енгізу — қызметкерлерді ынталандырудың тиімді жолы. Қауіпсіздік талаптарын үлгілі түрде орындаған қызметкерлерге материалдық және моральдық көтермелеу шараларын қолдану олардың жауапкершілігін арттырады. Сонымен қатар, қауіпсіз мінез-құлықты тану, жария түрде мадақтау және оның үлгісін көрсету жалпы ұжымда қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл бағытта ішкі корпоративтік коммуникация мен көшбасшылықтың рөлі ерекше маңызды.

Халықаралық тәжірибені енгізу. Еңбек қауіпсіздігі саласындағы үздік халықаралық тәжірибелерді зерделеу және бейімдеу — отандық кәсіпорындардың дамуына серпін береді. Дамыған елдердің стандарттарын, әдістемелерін және технологияларын енгізу арқылы қауіпсіздік деңгейін арттыруға болады. Сонымен қатар, халықаралық ұйымдармен (мысалы, ILO, UN Global Compact) серіктестік орнату, тәжірибе алмасу және бірлескен жобаларға қатысу кәсіпорынның еңбек қауіпсіздігіне деген көзқарасын жаңа деңгейге көтереді. Бұл тек техникалық қана емес, сонымен қатар әлеуметтік және басқарушылық мәдениетті жетілдіруге де сеп болады. Осы аталған бағыттар бойынша жүйелі жұмыс жүргізу квазимемлекеттік сектор кәсіпорындарының еңбек қауіпсіздігі деңгейін арттырып қана қоймай, олардың әлеуметтік және экологиялық брендин нығайтуға да елеулі үлес қосады [5].

Қорытынды

Квазимемлекеттік сектордағы өндірістік кәсіпорындар үшін еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласында тиімді басқару жүйесін қалыптастыру – стратегиялық маңызы бар міндет. ТОО «Павлодар мұнай-химия зауыты» мысалында көрсетілгендей, заманауи басқару құралдарын енгізу жұмысшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, кәсіпорынның әлеуметтік жауапкершілігін арттырады, экологиялық брендин нығайтады және тұрақты дамуға жол ашады. Болашақта бұл бағыттағы жетілдіру жұмыстары инновациялық технологиялар мен адам капиталын дамытумен тығыз байланысты болмақ.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының «Өндірістік қауіпсіздік туралы» заңы
2. ТОО «Павлодар мұнай-химия зауыты». 2024 жылғы жылдық есеп.
3. Ахметова Л.М. «Өндірістік кәсіпорындардағы қауіпсіздік мәдениеті» // Еңбек қауіпсіздігі журналы. – 2022. – №4.